

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Исмағұл бек Ғаспрински¹ (Қысқаша тәржіме халі)ЖАРИЯЛАНДЫ
08.02.2024СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/149037/>

Әлімхан Ләзиза

Тәржіман— алғашқы саны 1883 жылы 10 сәуірде «Тілде, пікірде, істе- бірлік» деген ұранмен жарық көрген газет. Бұл барлығымызға тансық ақпарат. Ал осы барлық ресейлік түркілерге арналған тұңғыш, еркіндік пен білімге ұмтылған , түркі халықтарының көшбастаушысына айналған газеттің , және оның шығарушысының көрген қиындықтары мен тарихын біріміз білсек, біріміз біле бермейміз. Қандай да бір істің артында көзге көрінбейтін еңбек , уайым , сарп етілген уақыт жатыр. Қазірге күнде газет , журнал шығарамын деген адамға үкімет тарапынан еш қыстау йәки қарсылық жоқ. Ерік өзімізде!

Бірақ мұнан отыз үш жыл бұрын мұндай емес еді. Ол тұста сайрағыш бұлбұлдар қамауда, қырағы сұңқарлар торда, жүйрік тұлпарлар матауда еді .

Тәржіман газетінің өмірбаяны да сол заманмен тұспа тұс. Хәм, ол күндері кітап жазған адам кітабын баспас бұрын Петерборға цензурға жіберіп қарату міндет еді. Ғазиз ерлердің қаламынан аққан аққан есіл көркем сөздері цензурда айлар,жылдар жатып ,қайта қайтып, қайтпаса сол бойымен жоғалып кете беруші еді. Ол қиын күндерде үкімет адамдары Русиядағы мұсылмандарды орыс қылудың қамын ойлап жүрген. «М.Ведомости» секілді қара жүзді газеталар мұсылмандарды орыс қылудың жоспарын жазып тұрушы еді.

Әне сондай тұста Исмағұл мырза қайраттанып , ебін тауып «Тәржіман» газетасын шығарған. Сонымен қатар Исмағұл мырза газеті жарық көрсін деген мақсатпен Петербургқа 4-5 мәрте барған. Ол бай баласы емес. Жарлы мұғалім.Сонда да , халқына деген жанашырлығы асыл ерді еш тоқтатпады тиісінше қамшылап отырды.

Ол кезде бұл замандағыдай тұс-тұсынан сөз, хабар жазып тұратын тілшілер, жазушылар жоқ, Исмағұлмырза «Тәржіман»-ды өзі жазған баспаханада әріпті өзі тізген, машинада өзі басқан, газетаны өзі бүктеген , шахардағы алушыларға өзі үлестірген.Сөйтіп бейнеттеніп жүріп мақсатына жетті. Газет шықты , жарық көрді алайда қиындық бұнымен біткен жоқ. Газет шыға салысымен жұрт көмегін беріп ,

газетаны алып Исмағұл мырзаны мәз қылды дейсіз бе? Жоқ... Исмағұл мырза Тәржіманды шығарып тәртіпті оқуды жұртқа көрсете бастаған соң оған алдымен молдалар қарсы түсіп , өзі алмағанымен қоймай халыққа оны оқу харам деп, алдырмай газеттің жолына бөгет болған. Исмағұл мырза мұндай сынақтарды күліп қабылдаған. Ол өзінің керуен жұлдызы екенін білген. Таң атып күннің шығарына кәміл сенген. Исмағұл қайрат етіп, отыз үш жыл «Тәржіман» басынан жылжымай жұртқа көсемдік етті. Мұсылмандар- ды оқуға, жазуға үйретті. Мектеп ашып берді. Мұғалімдер шығарды, әдебиет туғызды, мәңгі бітпес пікір, идея берді. Русия мұсылмандарын тірі бір ұлт халына қойды, кейінгісін ойлағандай, ілгеріге сын болжағандай ой берді. Сондықтан Исмағұл мырза түрік ұлтының зор тәрбиешісі, ұлы ұстазы, ардақты атасы болып дүниеден өтті. Адам баласының ең үлкен қасиеті істі бастағанында емес ,аяқтағанынды ал Исмағұл мырза өз ісін сабырлық пен тиянақтылық пен аяқтады. Қанша қиындық көрседе сынбай, дұрыс оқу әдебін ұсынамын жұрттың көзін ашамын деп ,дүниеден өтті. Еңбегі ақталды артындағы ұрпақ оның өлшеусіз еңбегін оқиды , біледі ал оны жарық жұлдыз ретінде естерінде сақтайды!

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.